«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ САРЫСУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БОЛАШАҚ БӨБЕКЖАЙ - БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ»

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ САРЫСУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БОЛАШАҚ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
№ 18
«04» 05 2026 ж.

ЖК С.Бекболовка

Құрметті Бекболов Самат!

Сіздің конкурстық өтінімді бағалау мәселесі бойынша жолдаған шағымыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу жөніндегі № 16512571-1 конкурсы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес өткізілді. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда №17948 болып тіркелген.

Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері конкурстық комиссиямен жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актінің талаптарына және белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес қаралды.

Сіз ұсынған құжаттарды қарау барысында мәлімделген жұмыс тәжірибесінің бір бөлігі, атап айтқанда Махсутова Ф.К. ЖК-мен жасалған шарттар есепке алынбағаны анықталды. Себебі аталған ЖК мемлекеттік сатып алу порталында жеткізуші болып табылады және білім беру ұйымдарына жатпайды, бұл конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді.

Ал Ажмаханова Құлпынай Сақтағанқызы ЖК бойынша тамақ өнімдерін жеткізу тәжірибесі тиісті түрде расталғанын хабарлаймыз, яғни тапсырыс берушілердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған қабылдау-тапсыру актілерімен және орындалған жұмыстар актілерімен бекітілген.

Осыған байланысты Сізге 4 балл берілуі негізді және конкурстық құжаттаманың бағалау критерийлеріне толық сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты бағалау нәтижелерін қайта қарауға және балдарды 5-ке дейін арттыруға негіз жоқ.

Осыған байланысты Сіздің шағымыңызды қанағаттандырудан бас тартылады.

Құрметпен,

Бобекжай-бақшасының меңгерушісі: **Э.Т.Сатиева**

Сканировано с CamScanner